



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,  
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,  
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің  
85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Астана 17 наурыз 2023 жыл**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

*Редакция алқасын басқарған:* Сыдықов Е.Б.

*Редакция алқасы:* А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),  
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

достигнуть положительного результата в том случае, если мы смогли заинтересовать подрастающее поколение в развитии и престижа языкового образования.

### Список литературы

1. Архипова И. В., Камилова М. А. Языковое образование в аспекте педагогической и межпредметной интеграции. // Гуманитарные исследования. Педагогика и психология. 2020. № 2. С. 26-35.
2. Гальскова Н.Д. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика: учеб.пособие для студ. лингв, ун-тов и фак. ин. яз. высш. пед. учеб. заведений / Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез. — 6-е изд., стер. — М.: Издательский центр «Академия», 2009 — 336 с.
3. Гутарева Н. Ю. Языковое образование и пути его развития в России. // Филологические науки. Вопросы теории и практики. Научно-теоретический и прикладной журнал. № 1 (5) Часть 1. Тамбов: Изд-во Грамота, 2010. С. 111-114.
4. Загорулько, Любовь Петровна. Языковое образование в современных условиях: социально-философский анализ: автореферат дис. ... кандидата философских наук: 09.00.11 / Загорулько Любовь Петровна; [Место защиты: Сибирская аэрокосм. акад. им. акад. М. Ф. Решетнева]. - Красноярск, 2011. - 22 с.
5. Клеменцова Н. Н. Педагогический потенциал языкового образования в формировании общекультурной компетентности у обучающихся в технических вузах. // Вестник Воронежского государственного университета. 2017. № 2. С. 47-51.
6. Козырев В.А. Современная языковая ситуация и речевая культура: учеб.пособие / В.А. Козырев, В.Д. Черняк. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2012. – 184 с.
7. Коряковцева Н. Ф. Современные тенденции лингвистического образования. // Преподаватель XXI век. 2018. № 1. С. 32-40.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

*МАЛИКОВ Қ.Т.,  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология  
ғылымдарының кандидаты, доцент.  
ОРАЗ А.Н.,  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.  
Астана, Қазақстан*

**Түйіндеме.** Мақалада лексикалық дағды туралы жалпы түсінік беріліп, лексикалық дағды қалыптастырудың кезеңдері мен оны меңгертуде қолданылатын тапсырма түрлері сөз болады.

**Резюме.** В статье дается общее представление о лексическом навыке, речь идет об этапах формирования лексического навыка и видах заданий, используемых при его овладении.

**Summary.** The article gives a general idea of the lexical skill, we are talking about the stages of the formation of a lexical skill and the types of tasks used in its acquisition.

Қазіргі кезде елімізде демократиялық, экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістер болып жатқандықтан қазақ тілін оқыту жаңа тұрғыдан қарауды талап етуде. Осы орайда қазақ тіліне деген қажеттіліктің күн сайын артып келе жатқанына байланысты тілді оқытудың жаңа кезеңі туып отыр. Сол себепті де қазақ тілін оқытудағы оқу және әдіскерлік құралдарды қайта жасау қажет. Еліміз көп ұлтты мемлекет болғандықтан, өзге ұлт өкілдері мен қазақтарға қазақ

тілін оқытуды жан-жақты жетілдіріп, оның өзекті мәселелерінің шешімін іздеу керек. Сондай-ақ білім алушылардың елтану, лингвоелтану, экономикалық, психологиялық, мәдени-информациялық білімін көтеру арқылы оларды болашақ мамандыққа дайындауға үлкен мән берілуде.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесі тұңғыш рет 1926 жылы Қазақ АССР-нің орталық атқару комитеті президиумының «Аппаратты тұрақтандыру жөніндегі қаулысында» қаралады. Осы жылы өзге ұлт өкілдері үшін алғаш бағдарлама мен оқулық жарық көрді. 1934 жылы ҮШ Қазақстандық өлкелік партия конференциясы өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуін жеделдетуді барлық партия ұйымдарына міндеттеген. Осы орайда, сол жылдары Т.Ахметованың «Орыс мектептері үшін оқу құралы», С.Жиенбаевтың «Қазақ тілі оқулығы», І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілі оқулығы» еңбектері шықты. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға көңіл бөліп, сөйлеуге сабақ барысында ерекше назар аудару керектігін айтқан С.Жиенбаевтың «Орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың методикасы» мақаласы ауызша сөйлеудің қажеттігіне кеңінен тоқталған. 1948 жылы жарық көрген Ш.Х.Сарыбаевтың «Орыс оқушыларын қазақша сөйлеуге үйрету әдістері» мақаласында сөйлеу тілін дамытуға қатысты оқу процесіндегі тиімді әдістермен бөліссе, 1946 жылы Ғ.Бегалиев «Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту» мақаласында да тіл үйретудегі лексиканың маңызын ерекше атап көрсеткен. Қазақ тілін үйрету бойынша кейінгі жылдарда көптеген өнімді еңбектер жарық көрді. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғаннан кейін ересектерге, жоғары оқу орындары мен мектептерге арналған оқу құралдарының саны арта бастады. Соның ішінде Н.Оралбаева мен К.Жақсылықованың «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесін» ерекше атауға болады. Аталмыш еңбекте тіл дамыту мен лексикалық минимумдарды үйретуге қатысты тиімді әдістер қамтылды.

Лексикология мен лексикаға байланысты тіл білімі ғылымында М.Достанов, Б.Жахина, Қ.Сарекенова, Б.Сағындықұлы, Ш.Құрманбайұлы, Р.Сыздықова, Г.Қалиев, Г.Уайсованың, Ғ.Мұсабаев, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлының еңбектері бар. Аталған еңбектерде қазақ тіл білімінің лексика саласы білім берудің, қоғамның даму талабына сай зерделенді. Лексиканы оқыту саласы бойынша Б.Кәтенбаеваның, А.Айғабыловтың, И.Ұйықбаев орыс ғалымдары А.А.Текучев пен М.Т.Барановтың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Десек те, қазақ тілін өзге ұлттарға оқытумен байланысты шешімін таппай келе жатқан лексикалық минимум мәселесі, оқу құралдары мазмұнының лексикалық, іскерлік дағды қалыптастыру жағынан нәтижесіздігі, тілді үйретудегі лексикалық дағдыларды қалыптастырудың практикалық тиімді әдістерінің аздығы бұл саланы ғылыми тұрғыдан зерттеуді талап етеді.

Тіл білімінің басқа салаларының ішінде лексиканы меңгертуге ерекше назар аударудың себебі мынада: кейбір грамматикалық материалды меңгермегендіктен, сөзде грамматикалық қателер бола тұрса да, адамдар арасында қатынас болуы мүмкін, олар бір-бірімен түсінсе алады. Ал басқа біреудің сөзін түсіну үшін немесе өз ойын айтып жеткізу үшін қажетті лексиканы білмеген жағдайда дұрыс коммуникацияға түсе алмайды. Яғни білім алушыға лексикалық дағдыларды қалыптастыру қазақ тілін үйрету мен оқытудағы мақсатқа жетудің ең маңызды құралы. Сондықтан да зерттеу еңбегімізде лексиканы оқытуға байланысты ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге тоқталып, отандық және шетелдік ғалымдардың жас психологиясы бойынша лексиканы меңгертуге байланысты жұмыстарын, теориялық материалды жалпылау және оны жүйелеу сияқты зерттеу әдістерінің теориялық мазмұнын талдадық.

Лексиканы меңгертуде оқытушының міндеті – білім алушының сөздік қорын барынша қалыптастыруға және кеңейтуге қол жеткізу. «Сөзді ұзақ мерзімді жаудан шығаруға, оны басқа лексикалық бірліктермен байланыстыруға қатысты бірқатар әрекеттер мен операцияларды автоматты түрде орындау қабілеті лексикалық дағды деп аталады»[1]. Сөйлеудің лексикалық жағын оқытудың мақсаты – өнімді (сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуды анықтайтын) және

рецептивті (оқу және тыңдау дағдылары) лексикалық дағдыларды қалыптастыру. Өнімді лексикалық дағды – бұл коммуникативті мәселені (немесе қарым-қатынас жағдайын) шешу және оны басқа лексикалық бірліктермен дұрыс үйлестіру үшін лексикалық бірлікке шақырудың синтезделген әрекеті, күрделі әрекеттің автоматтандырылуы, икемділуі. Н.Д. Гальскова рецептивті лексикалық дағды – лексикалық бірліктің лексикалық немесе фонетикалық бейнесін тану арқылы синтезделген әрекет екендігін айтады.

Лексиканы оқыту барысында тіл үйренушінің сөздік қорын байыту, лексика саласы бойынша теориялық білімді жетілдіру, сөздерді орынды қолдана білуге дағдыландыру, түрлі әдіс-тәсілдерді ұйымдастыру арқылы жүргізіледі. Сөздік қорды игерудегі жетістік оқушының лексиканы меңгеру мазмұнының жалпы оқу компонентін құрайтын дағдыларының болуына байланысты. Мысалы: тілдік құбылыстарды бақылау, салыстыру, талдау; таныс емес лексикалық бірліктің мағынасын контекст немесе сөзжасамдық элементтер бойынша болжай білу; әр түрлі сөздіктермен жұмыс істеу; оқу сөздігін оқушы үшін ыңғайлы жазу формасымен жүргізу. Лексиканы оқыту мазмұнының лингвистикалық компоненті лексикалық минимуммен, яғни оқу процесіндегі әдістемелік таңдалған сөздермен, сөз тіркестерімен, фразеологизмдермен ұсынылады. Лексикалық минимумды таңдау критерийлері мынадай: тақырыптық, жиілік, үйлесімділік, сөзжасамдық қабілеті, стилистикалық бейтараптық. Актив (продуктивті) және пассив (рецептивті) лексикалық минимумды ажыратып алу маңызды құбылыстардың бірі. Осы тұста сөздік қордағы актив лексикалық минимумдарды меңгеру сөйлеу және оқу дағдыларын дамыту үшін аса қажет.

Лексикалық дағдының түрлері мен оны қалыптастырудың өзіндік кезеңдері болады. Оның негізгі мынадай 3 кезеңі бар:

1. сөз функциясымен, оның мәнімен, ресми белгілерімен танысу (болжамды-дайындық кезеңі);
2. сөздерді жаттықтыру және меңгеру (ситуациялық кезең);
3. жаңа лексикалық бірліктерді пайдалану (вариативті-ситуациялық кезең).

Оқушылардың лексиканы игеру үдерісінде лексикалық дағды қалыптастыру белгілі бір ретпен жүреді: біріншіден, лексика оқушылардың сөздік қорына ене бастайды; сөздерді мағынасымен үйлесімді сөйлеуде қолдана білу ерекшеліктерін ескереді; екіншіден, лексиканы қолдану автоматтылыққа көшеді; үшіншіден, лексиканы қолдану іс жүзінде сабақта оқушылармен жетілдіріледі. Осы бірізділікке байланысты бастапқы кезеңде лексикамен жұмыс істеудің кезеңдеріне тоқталайық.

Бірінші кезең – лексикамен танысу. Бұл кезеңде оқушылар мәтіндегі лексикалық бірліктерді тануды үйренеді. Бірінші лексикамен танысу және оны тану кезеңінде И.С. Кладованың пікірінше, лексиканы танып, оны ажыратуға білуге арналған жаттығулар, тесттерді қолдануға болады. Материалдың бастапқы бекітілуін қамтамасыз ететін жаттығулар үшін келесі ерекшеліктер тән: олар иллюстрациялық, түсіндіру және бақылау функцияларын орындай отырып, түсіндірудің ажырамас бөлігін құрауы керек; жаңа лексикалық бірліктер таныс лексикалық және грамматикалық ортада ұсынылуы керек; жаттығуда қарапайым операциялар ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын күрделі ақыл-ой әрекеттері де қарастырылуы керек.

Екінші – алгоритмдік кезең. Бұл кезең барысында білім алушылар белгілі бір сөйлеу құрылымын игереді және сөздік қорын көбейтеді, сөздерді қолдану кезінде лексикалық бірліктер меңгере бастайды. Екінші кезеңде ақпаратты жадтан ойнатудан тұратын конструктивті жаттығуларды қолдануға болады. Сабақ барысында ойын әдістерін қолдана отырып, лексикалық дағды қалыптастыру білім алушыға оқу мазмұнын түсінуді жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар жоғары психикалық функциялардың қасиеттерін сөйлеу әрекетінің құрамдас бөлігі ретінде лексикалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. "Жаңа лексикалық және

грамматикалық материалды оқу кезінде, оны бекіту үшін ойын тәсілдері қолданылады, олардың негізгі міндеті білім алушылардың оқу-танымдық қызметін басқару және олардың лексикалық және грамматикалық дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ нақты тілдік бірліктерді қолдану ережелерін меңгеру мақсатында оқу сабақтарында қарқынды өзіндік жұмысты ұйымдастыру болып табылады" [3].

Үшіншісі – студенттер алған білімдері мен дағдыларын практикада қолданатын шығармашылық кезең. Үшінші кезең алған және пысықталған білімдерін практикада бекітумен, яғни оларды әртүрлі тілдік жағдайларда пайдалану арқылы белгіленеді [2]. Білім алушылардың лексикалық білімін өз дәрежесінде қалыптастыру үшін төмендегідей жұмыстар жүргізілуі қажет: лексикалық білімнің негізі—сөз және оның мағынасы;сөз мағынасы туралы түсінік; сөздің лексикалық мағынасы; лексиканы оқытудағы білім мен дағды; лексиканы игерту мақсатында жаттығу жұмыстарын жүргізудің әдіс-тәсілдері; білім алушылардың сөйлеу стилін қалыптастырудың теориялық негіздері; көркемдеуіш сөздердің қолданылуы.

Лексиканы игеру үшін грамматикалық, орфографиялық және стилистикамен байланысты жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Өйткені лексикалық ұғымдарды үйрену және оны қолдану аясын білуде тілдің басқа салаларымен байланыстырылмай толық мәнге ие бола алмайды. Сондықтан жаттығу жұмыстарын беру үстінде қай материал грамматиканың, орфографияның қай тақырыбымен байланысты екендігі айрықша ескеріліп, олардың жүйелі берілуіне көңіл аударған жөн. Бұл жерде үлкен шеберлік, оқушылардың жас ерекшелігі мен қабылдау, орындау мүмкіндігін айқын аңғартатын педагогикалық, психологиялық бірлік қажет. Сондықтан әуелі лексика бойынша тіл дамытуға байланысты берілетін жаттығулардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай жіктеліп алынады. Мысалы Т.Аяпованың «Қазақ тілі» оқу құралында оқытуды бірнеше деңгейге (қарапайым деңгей, базалық деңгей, орта деңгей, ортадан жоғары деңгей) бөліп, әр бөлімде грамматикалық материалдар мен лексикалық тақырыптар қатар қарастырылған. Әрбір деңгейде лексикалық тақырыптардың мазмұны үйренуші меңгеруге тиісті грамматикалық білімдер негізінде күрделене түседі[4]. Осыған орай, жаттығуларды төмендегідей жіктедік.

Жүргізілетін жаттығу жұмыстарының бірінші тобы лексикалық жаттығу, яғни теориялық мәліметтер пысықталып, сөздерді автоматты шығаруға қолданыс үстінде дағдыланады. Дұрысында, сөздіктермен танысу, олардың пайдалану жұмысы тиісті лексикалық ұғымдармен бірге жүргізілуі керек. Мысалы, түсіндірме сөздікпен танысу, оларды пайдалану жұмысы лексикалық ұғымдармен жұмыс жасау барысында қарастырылуы қажет. Сондай-ақ сөз мағыналарын өткенде де сөздіктермен жұмыс жасау (тура және ауыспалы мағына, көпмағыналық, омоним, синоним, антоним) қажет болады. Оқушылар сөздің лексикалық мағынасын сөздікте қалай түсіндірілетін немесе өздері мағынасын аша алмаған сөздердің мәнін ұғу үшін пайдаланады. Мысалы, көпмағыналы сөздердің, омоним сөздердің берілу тәртібін үйренеді. Атап айтқанда, көпмағыналы сөздердің әртүрлі синонимі, әртүрлі антонимі болатыны түсіндіріліп, оған сай жаттығу жұмысын жасау – сөзді толық түсінуге, барлық мүмкіндігін ашып, ұғуға мүмкіндік береді. Мысалы, қыңыр бала, қыңыр әңгіме деген тіркестерде қыңыр сөзіне бірде жуас, бірде оңай сөзі антоним бола алады ( жуас бала). Ал синонимі де әртүрлі, айталық, қиын бала, қисық әңгіме.

Ал лексикалық жаттығулардың екінші тобы тілдің басқа салаларымен байланыстырылып жүргізілетін синтетикалық жаттығулар болып табылады. Бұл жаттығуда лексикалық тақырыптан алған білімін бұрын өткен грамматика орфография, стилистика тарауларының материалдарымен байланыстыратын жаттығу түрі. Мұның өзі оқушылардың лексикадан алған білімін жалпы тіл жүйесінде түсінуге, тіліміздегі орнын, қолданысын ұғынуға, содай – ақ өзге материалдарды еске түсіріп, қайталап отыруға мүмкіндік береді.

Ол үшін мына сияқты жұмыстар жүргізіледі.

1. Берілген сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын табу. Мысалы:

а) кітап, дәптер, қалам, орындық, тақта.

ә) үлкен, қызық, тәтті, жақсы.

б) келу, кету, айту, жасау, жүзу.

Оқушылар үш топқа бөлінген сөздердің лексикалық мағынасын аша отырып, бірінші топтағы сөздердің зат атауы екенін, екінші топтағы сөздердің заттың белгісін, сынын білдіретін, үшінші топтағы сөздердің қимылды білдіретінін анықтап, зат есім, сын есім, етістікке жататынын түсіндіруі тиіс. Сол сияқты лексикалық мағынаны сөздің жасалу жолына, қолданылуына, шығу тегіне қарай ажырату да грамматикамен тығыз байланысты жүргізіледі.

2.Түбірлес сөздердің қай сөз табына жататындығын анықтау:

а) Келісім, келісті, келіншек, келді.

ә) Орын, орынша, орындық, орынды.

б) Адам, адамдық, адамгершілік, адамсып.

Мұндай жаттығу барысында лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаны ажырататын олардың өзара байланыстылығын ажырата білуге дағдылана бастайды. [5].

3.Грамматикамен байланысты жүргізілетін жаттығудың тағы бір түрі сөздің түрлену барысын немесе сөз жасау барысындағы айырмашылықтарын ажырату болып табылады. Мысалы белгілі бір сөзге септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын жалғау арқылы лексикалық мағыналары салыстырылады. Оқушылар бұлайша түрленген сөздердің лексикалық мағынасы сақталып, грамматикалық мағынасында өзгерістер пайда болғанына көз жеткізеді.

Бұл аталған жаттығу түрлері оқушылардың лексикалық мағынаны грамматикалық мағынадан ажыратуға көмектеседі, сөйтіп сөздердің қолданыс аясын жақсы меңгертіп, тәжірибелік дағдысы артады, жазу мәдениеті жетіле түседі. Ал стилистика саласымен байланысты лексикалық жаттығулар сөзді таңдап қолдануға, айтылатын ойға лайық сөйлем құрай білуге үйретеді. Бұған байланысты жүргізілетін жаттығу жұмыстары. Мысалы: берілген сөздер мен сөз тіркестері қандай лексика – сематикалық топтарға, қайсысы қандай әдеби тіл стильдеріне жататындығын анықтау.

Орфографиямен байланысты жүргізілетін жаттығулардың да өзіндік орны, ерекшелігі бар. Өйткені оқушылар сөз байлығын игерумен бірге оның дұрыс жазылу жолын да саналы түсінуі керек. Ол үшін білім алушылардың сөз қолдану, жазу дағдысын қалыптастырып, әр түрлі жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Ауызекі сөйлеу мен жазба стильдерінің айырмашылықтарын ажыратып, әдеби тіл нормасын игеруге дағдылана бастайды.

Бұл сияқты жаттығудың келесідей түрлері жүргізіледі:

1) Мына сөздердің түбірлес варианттарын жазып, түсіріліп жазылатын дауысты дыбыстар ережесін түсіндір; орын-орны, құлып - құлпы, көрік-көркі.

2) Мына сөздерді сыңарларымен салыстырып, мағыналас немесе өзге сөз екенін түсіндіру; қан-хан, қат-хат, кәрі-қария, ары-әрі, білік-пілік, қас-хас.

3) Берілген сөздерге түбірлес сөз тауып, дауыссыз дыбыстардың өзгеруін түсіндіру; жау-жауып, тап-тауып, теп-теуіп, көбік-көбігі, тарақ-тарағы.

4) Берілген түбірлес сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді түсіндіру, түбірлес сөздердің лексикалық мағынасын ажырату: жұмыс-жұмысшы, ас-асшы, дос-Досжан.

5) Омонимдес сөздердің түбірін тауып, әрқайсысының беретін мағынасына байланысты сөйлем құрау; түстік (тамақ), түстік (бағыт, мезгіл), түнек (қараңғы), түнек (орын), жаз (жыл маусымы), жаз (жаю).

Осындай лексикалық жаттығулар қазақ тілі лексика жүйесін белгілі бір мәліметтермен танысуға, өз практикасында сөздерді қолдана білуге дағдыландыруға бағытталады. Лексикаға байланысты тапсырмалар, жаттығулар білім алушының сөз байлығын арттырып, сөзді қолдана білуге бейімділігін дамытуға бағытталуы тиіс. Осы аталған арнайы тапсырмалар негізінде



сөйлеу әрекетінде тілдік (грамматикалық және лексикалық) құралдар әрқашан бір-бірімен байланысты болатынына көз жеткіздік. Игеруге тиісті барлық лексика әрдайым грамматикалық түрде қалыптасады, ал морфологиялық және синтаксистік көріністеріндегі грамматикалық құрылым тілдегі барлық сөздерді қамтиды. Бірақ бұл бірлікте, бір жағынан, грамматикалық, екінші жағынан, тілдің лексикалық құралдарын бөліп көрсету қиын емес [6].

Осы орайда, А. А.Миролюбов оқушының сөздік қоры неғұрлым көп болса, соғұрлым оның сол тілде сөйлеу қабілетінің зор екендігін айтады. Алайда, лексиканы игеру кезінде білім алушылардың негізгі күш-жігері оқшауланған сөздерді есте сақтауға емес, белсенді лексикалардың санын арттыруға емес, бұрыннан білгендерін қолдану қабілетін қалыптастыруға бағытталуы керек. Сондай-ақ, оны пайдалану үшін жоғарыда аталған жаттығу түрлерінен бөлек сөйлеу мотивтері арқылы белсенді лексиканы қолдануды ынталандыру қажет.

Білім алушылар сыныпта орындайтын тапсырмалардың барлығы да оларды қызықтыруы тиіс: қызықты материал; жаттығулардың қызықты мазмұнды жағы; қызығушылығын тудыра алатындай талқылауға маңызды мәселе; жаттығуды орындаудың ең қызықтыратын нысаны; тартымды тіректер және т. б. ұсынылатын барлық жаттығулар жиынтығы әр оқушыға өзінің қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес келетін нәрсені таңдауға мүмкіндік беретін, өз пікірін айтуға мүмкіндік беретін тапсырмалардың кең спектрін қамтуы керек. Мұндай тапсырмалар оқушының әлеуетін, сөйлеу және өмірлік тәжірибеде алынған білім мазмұнын пайдалана білуге мүмкіндік беру керек. Оқу процесінің тиімділігінің қажетті шарты-дидактикалық принциптерді қамтитын лексикалық материалмен жұмыс жасаудың негізін құрайтын белгілі бір заңдылықтар мен принциптерді сақтау, яғни сана мен белсенділік (қарқынды ойлау процестері арқылы алынған терең білім, білімді саналы түрде игеру), көрнекілік (көрінетін білім тез әрі оңай есте қалады), жүйелілік пен дәйектілік (өзара байланысты ұғымдар жүйесі), материалдың мазмұнына ғана емес, сонымен бірге оқушының өзіне деген қызығушылығына да байланыстылығы, ғылымилық (оқу жоспарлары мен бағдарламаларының әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресс деңгейіне сәйкестігі және практикада іске асырылуы), қолжетімділік (білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне, білім беруді ұйымдастыру мен, оқыту процесінің шарттары, белгілі бір түрде ұйымдастырылған оқыту), теорияның практикамен байланысы (оқытудың тиімділігі мен сапасын тексеру практикамен расталады) [7]. Шын мәнінде әдістемелік қағидааттар – ситуациялық (жағдайлардың көмегімен оқыту), оқытудың коммуникативтік бағыты (білім алушылардың сөйлеу-ойлау әрекетін жандандыруды білдіреді), ұжымдық өзара іс-қимыл (өзара қарым-қатынас, өзара іс-қимыл жүйесі), тапсырмалардың сөйлеу-ойлау қызметіне сәйкестігі (білім алушылардың сөйлеу-ойлау қызметінің ерекшеліктері оқу процесінде неғұрлым толық іске асырылса, практикалық қарым-қатынас жағдайында оқыту соғұрлым сәтті болады.); жеке әдістемелік қағидалар-дағдыларды қалыптастырудың кезенділігі, жаттығулардың қалыптастырылатын іс-әрекеттерге барабарлығы (сәйкестігі), сөйлеудің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жақтарын қалыптастыру бойынша жаттығулардың өзара әрекеттесуі, оқу және жазу техникасының дамуымен ауызша сөйлеу формаларының өзара әрекеттесуін ескеру, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің өзара әрекеттесуі.

Лексикалық дағды қалыптастыруды бақылау – белгілі бір кезеңде білім алушы қол жеткізген тілді меңгерудің лексикалық деңгейін анықтау. Оқушылардың таным үдерістерін дамытатын жаттығулар, грамматикалық материалдар, оқушы деңгейіне лайықталған арнайы тесттер көмегімен жүзеге асырылады. Бақылау нысандары жеке, топтық, жұптық (ауызша, жазбаша) болуы мүмкін. Тілдегі сөйлеу әрекетін дамытуда мұғалім әртүрлі әдістемелік әдістерді сауатты қолдана отырып, білім алушыларды сәтті іс-әрекет пен шығармашылыққа ынталандыратын қызықты оқу материалдарын жасаған кезде оқыту үдерісі нәтижелі болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Гальскова Н. Д., Гез Н. И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика //М.: академия. – 2004. – Т. 336. – С. 2.
2. Кладова И. С. Технология полного усвоения программы на уроках английского языка. Методические рекомендации по формированию лексических и грамматических навыков: учебное пособие //Методические рекомендации по формированию лексических и грамматических навыков: учебное пособие. Березники. – 2010. – С. 15.
3. Никишина И. В. Инновационные педагогические технологии и организация учебно-воспитательного и методического процессов в школе: использование интерактивных форм и методов в процессе обучения учащихся и педагогов //Волгоград: Учитель. – 2008. – Т. 105.
4. Аяпова Т. Қазақ тілі (А<sub>1</sub>, А<sub>2</sub>, В<sub>1</sub>, В<sub>2</sub>): оқу құралы. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2013. – 384 б.
5. Жапбаров А., Мусина М. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту. – А.: Кітап, 1989. – 86 б.
6. Рогова Г.В. Методика обучения английскому языку: учеб. пособие для пед. ин-тов и фак. иностр. яз. – Л.: Просвещение, 1975. – 249 с.
7. Соловова Е. Н. Методика обучения иностранным языкам. Базовый курс лекций: пособие для студентов педагогических вузов и учителей. – 2021.

### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

*БАЛАБЕКОВ А.Қ.*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.*

*Қазақстан, Астана қ.*

**Аңдатпа.** Тілдегі түр-түс атауларын оқыту әдістемесі үлкен бағыт болып саналмағанмен, алайда маңызы жоғары. Түр-түс – адамзаттың қоршаған ортасының маңызды бөлігі. Сол себепті түр-түс атауларын оқытудың әдістемесін жүйелеу, түстерді меңгертуде нәтижелі болмақ. Аталмыш мақалада қазақ тіліндегі түс атауларын тиімді меңгерту жолдары қарастырылады.

**Аннотация.** Методология преподавания названий цветов на языке не считается большим направлением, но это важно. Цветовая система является важной частью окружающей среды человека. По этому важно систематизировать методику преподавания видов и цветовых систем в языке. В этой статье рассматриваются способы эффективного преподавания названий цветов на казахском языке.

**Annotation.** The methodology of teaching color system in the language is not a big direction, but it is important. Color system is an important part of the human environment. That is why it is important to systematize the teaching methodology of the color systems. This article discusses ways to effectively teaching color system in the Kazakh language.

Әрбір халықтың қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-тарихи дамуымен тікелей байланыста болатын белгілі бір атаулар жүйесі болады. Мұндай атауларды жан-жақты зерттеу халықтың әлемді танудағы таным-түсінігін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай жүйелердің бірі – тілдегі түр-түс атаулары. Түр-түс атауларын қолдану адамзат өмірінің барлық салаларында орын алады. Түс арқылы бір затты екінші заттан ажырату немесе олардың ортақ ұқсастықтарын көрсету халық тілінде еркін көрініс табады. Осы бағыттағы зерттеу лингвистика, әлеуметтану, тарих, мәдениет т.б. салаларда әлі күнге дейін өзекті болып табылады. Зерттеу бағыттары салыстырмалы және салғастырмалы тұрғыда дами отырып, аталмыш атаулардың тек бір тілдегі